

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Ұжымдық пайдалану офисінің зертханалары мен жабдықтарын пайдалану қағидалары мен рәсімдері

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 20.08.2024

Күшіне енген күні: 20.08.2024

Қолжетімділік деңгейі: Ашық қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 3.2 LAB

Бекітуші орган: Ғылыми кеңес

Тіркеу нөмірі: 13

Иесі: Ұжымдық пайдалану офисі

Қайта қарау күні: 19.12.2026

Қолданылуы: НУ және оның ұйымдары

Күші жойылған құжаттар:

Атауы: Ұжымдық пайдалану офисінің зертханаларына/жабдықтарына қатысты қолжетімділік және жауапкершілік қағидалары

Күні: 29.01.2019

Тіркеу нөмірі: 134

Бекітуші орган: Ғылыми кеңес



1-бөлім. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер Пайдаланушыларға НУ ҰПО жауапкершілігі өрісіндегі зертханалар мен жабдықтарға рұқсат беру тәртібін, сондай-ақ Келушілерге НУ ҰПО жауапкершілігі өрісіндегі зертханаларға кіру тәртібін белгілейді.

1.2. Осы Қағидалар мен рәсімдер НУ ҰПО-ның барлық Пайдаланушылары мен Келушілеріне қолданылады.

2-бөлім. Терминдер / Анықтамалар

2.1. Осы Қағидалар мен рәсімдерде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) ҰПО – Ұжымдық пайдалану офисі.
- 2) Пайдаланушы – білім алушылар, Университеттің және оның ұйымдарының жұмыскерлері, сондай-ақ жасалған шарттарға сәйкес ҰПО жабдықтары мен зертханалары пайдалануға берілуі мүмкін өзге де адамдар.
- 3) Келуші – ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің қатысуымен ҰПО зертханаларына келген тұлға.
- 4) НУ – «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы.
- 5) ҰПО-ның жауапты жұмыскері – ҰПО-ның зертханасы мен жабдығына жауапты және/немесе ҰПО жабдығының жұмысын басқарушы және/немесе Пайдаланушылар үшін нұсқама мен оқытуды жүзеге асыратын Университет жұмыскері.
- 6) ҚЖЕК жөніндегі кіріспе нұсқама – НУ және оның ұйымдарында жұмыс істейтін немесе оқитын барлық тұлғалар үшін міндетті кіріспе, онда қауіпсіздік шаралары және қолда бар қауіпті факторлар туралы жалпы ақпарат қамтылады.
- 7) Жұмыс орнындағы нұсқама – бұл ықтимал қауіптер, зиянды факторлар және жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары туралы ақпарат беру процесі. Жұмыс орнындағы нұсқама оның сипаты мен өткізу уақытына қарай үш түрге бөлінеді: бастапқы, қайталама және жоспардан тыс нұсқама. Жұмыс орнындағы нұсқама ҰПО-ның жауапты жұмыскері әзірлеген бағдарламаға сәйкес жүргізіледі, нұсқама аяқталған кезде ауызша сауалнама немесе тестілеуді, сондай-ақ қажет болған жағдайда қауіпсіз жұмыс дағдыларын тексеруді қамтуы мүмкін болатын алынған білімін тексеру жүргізіледі.
- 8) QReserve – ҰПО жабдығын брондауға арналған онлайн жүйе, онда оның сипаттамасын, мүмкіндіктері мен брондау күнтізбесін қоса алғанда, ҰПО-ның қолжетімді жабдығы туралы ақпарат, , қамтылады, сондай-ақ ҰПО-ның жауапты жұмыскерімен байланысуға мүмкіндік беріледі.
- 9) СОП – ҰПО жауапты жұмыскері әзірлеген және жабдықта қауіпсіз және тиімді жұмыс істеу үшін қажетті қағидаларды, рұқсат беру сағаттарын, оқытуды және өзге де ақпаратты қоса алғанда, жабдықпен жұмыс істеу туралы барлық қажетті ақпаратты қамтитын стандартты операциялық процедуралар.
- 10) Жұмыс – зертханада Пайдаланушының қандай да бір ғылыми-практикалық міндеттерін шешуге бағытталған іс-қимылдар реттілігі.



11) ОПҚ – НУ оқытушы-профессорлар құрамы.

12) Үлгі – Пайдаланушы талдау үшін ұсынатын немесе ол өз бетінше ҰПО жабдығында зерттейтін зерттеу объектісі.

13) Оператор – жабдықта жұмысты жеке өзі орындайтын ҰПО-ның жауапты жұмыскері.

14) Зертхана паспорты – зертханаға кіру деңгейлері мен уақыты, қауіптілік түрлері, тыйым салулар, жеке қорғау құралдары және байланыс ақпараты жөніндегі ақпаратты қамтитын ҰПО зертханасының негізгі құжаты.

3-бөлім. Негізгі ережелер

3.1. ҰПО зертханалары мен жабдықтарына рұқсат беру

3.1.1. Пайдаланушыларға және/немесе Келушілерге осы Қағидалар мен рәсімдерге 1-қосымшада көрсетілген кіру өлшемшарттарына сәйкес, егер Зертхананың паспортында және/немесе олардың ерекшелігіне байланысты жабдықтың СОП-ында өзгеше көзделмесе, ҰПО зертханалары мен жабдықтарына рұқсат беріледі.

Бұл ретте, рұқсат берудің мынадай деңгейлері көзделген: «Келуші», «ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің қатысуымен зертханада жұмыс істеу», «Зертханада өз бетінше жұмыс істеу», «Оператормен жұмыс», «Жабдықта өз бетінше жұмыс істеу».

3.1.2. «Келуші», «ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің қатысуымен зертханада жұмыс істеу» және «Оператормен жұмыс» деген рұқсат деңгейлері бар тұлғалар зертханада ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің қатысуымен ғана бола алады.

3.1.3. «Келуші» деген рұқсат деңгейі мектеп оқушылары, білім алушылар, инженерлік-техникалық персонал, отандық және/немесе шетелдік коллабораторлар, клинингтік компанияның жұмыскерлері және өзге де тұлғалар болып табылатын жеке тұлғаларға беріледі.

Осы рұқсат деңгейі бар жеке тұлғаларға ҚЖЕҚ жөніндегі кіріспе нұсқамадан, Жұмыс орнындағы нұсқамадан және/немесе оқытудан өту талап етілмейді.

Зертхананың паспорты және жабдықтың СОП-ы «Келуші» деген рұқсат деңгейі бар жеке тұлғалардың ерекшелігін ескере отырып, зертханаға және/немесе жабдыққа «кіруін және/немесе санын шектей алады».

Осы рұқсат деңгейі бар адамдарға зертханаға кіру үшін ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің болуы міндетті.

3.1.4. «ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің қатысуымен зертханада жұмыс істеу» деген рұқсат деңгейі ҚЖЕҚ жөніндегі кіріспе нұсқамадан өткен, Жұмыс орнындағы нұсқамадан өткен және бакалавр және одан жоғары дәрежесі бар Пайдаланушыға беріледі.

Пайдаланушы Жұмыстарды орындау үшін зертханаға кіруге тек ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің қатысуымен рұқсат алады.



Зертханаға рұқсаттың болуы Пайдаланушыға Жұмыс орнындағы нұсқамаға және жабдықтың СОП-ына сәйкес жеке рұқсат беру көзделген зертхана жабдығын өз бетінше пайдалану құқығын бермейді.

Пайдаланушы ҰПО зертханасына өз бетінше кіре алмайды. Зертханаға кіруге рұқсат алу үшін Пайдаланушы ҰПО-ның жауапты жұмыскерімен байланысып, ҰПО-ның жауапты жұмыскерімен алдын ала келісілген белгілі бір Жұмыстарды орындау үшін зертханаға кіруге рұқсат сұрауы керек.

Пайдаланушы Жұмысты өз бетінше орындай алады және зертханада қауіпсіздік техникасының сақталуына дербес жауапты болады. Дегенмен, Жұмысты орындау процесін ҰПО-ның жауапты жұмыскері бақылай алады.

3.1.5. «Зертханада өз бетінше жұмыс істеу» деген рұқсат деңгейі ҚЖЕҚ жөніндегі кіріспе нұсқамадан, Жұмыс орнындағы нұсқамадан өткен, сонымен қатар бакалавр және одан жоғары дәрежесі бар Пайдаланушыға беріледі.

Жұмыс орнындағы нұсқама барысында ҰПО-ның жауапты жұмыскері Пайдаланушыны зертхананың құрылымымен және оның ерекшелігін ескере отырып, зертханаға кіру тәртібімен таныстырады.

Зертханаға рұқсаттың болуы Пайдаланушыға Жұмыс орнындағы нұсқамаға және жабдықтың СОП-ына сәйкес жеке рұқсат беру көзделген зертхана жабдығын өз бетінше пайдалану құқығын бермейді.

«Зертханада өз бетінше жұмыс істеу» деген рұқсатты Пайдаланушыға ҰПО-ның жауапты жұмыскері береді.

Қажет болған жағдайда Пайдаланушы зертханаға және жабдыққа жұмыс уақытынан тыс уақытта жұмыс істеу үшін Пайдаланушы мен оның жетекшісі қол қойған рұқсат беру нысанын (осы Қағидалар мен рәсімдерге 2-қосымша) ұсына отырып, жұмыс уақытынан тыс уақытта кіре алады.

3.1.6. «Оператормен жұмыс» деген рұқсат деңгейі Оператордың көмегімен зерттеу жұмысын орындауды қалайтын Пайдаланушыға беріледі.

Егер Зертхананың паспорттың немесе жабдықтың СОП-ында «Оператормен жұмыс» рұқсат деңгейін алған Пайдаланушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, өзгеше көзделмесе, оларға жұмыс орнында нұсқамадан және/немесе оқытудан өту талап етілмейді.

Оқу кезінде зертханадағы барлық жұмыстарды «Оператормен жұмыс» рұқсат деңгейі бар Оператор және/немесе Пайдаланушы Оператордың тікелей бақылауымен орындауы керек.

«Оператормен жұмыс» рұқсат деңгейі Пайдаланушының әрі қарай жабдықты брондау және үлгі мен зерттеу ерекшеліктері туралы қажетті шынайы ақпаратты ұсына отырып, QReserve жүйесінде тіркелуін талап етеді.

3.1.7. «Жабдықта өз бетінше жұмыс істеу» деген рұқсат деңгейі «ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің қатысуымен зертханада жұмыс істеу» немесе «Зертханада өз бетінше жұмыс істеу» деген рұқсаты бар Пайдаланушыға беріледі.

«Жабдықта өз бетінше жұмыс істеу» рұқсатын алу үшін Пайдаланушыға ҰПО-ның жауапты жұмыскері жүргізетін жабдықтың СОП-ына сәйкес оны пайдалану бойынша оқытудан өту қажет.



Жабдықтың СОП-ы жабдыққа рұқсатты анықтайды және шектейді, онда орындалатын жұмыстардың түрлерін және жабдықтың ерекшелігін ескере отырып, Пайдаланушыға қойылатын талаптарды белгілейді.

«Жабдықта өз бетінше жұмыс істеу» рұқсатын Пайдаланушыға ҰПО-ның жауапты жұмыскері береді.

Қажет болған жағдайда Пайдаланушы зертханаға және жабдыққа жұмыс уақытынан тыс уақытта жұмыс істеу үшін Пайдаланушы мен оның жетекшісі қол қойған рұқсат нысанын (осы Қағидалар мен рәсімдерге 2-қосымша) ұсына отырып, жұмыс уақытынан тыс уақытта рұқсат ала алады.

3.2. ҰПО жабдығына рұқсат беру, брондау және пайдалану тәртібі

3.2.1. Пайдаланушы [QReserve онлайн жүйесімен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықпен](#) танысып, ҰПО жабдықтарын брондау үшін [онлайн QReserve жүйесін](#) пайдалануы қажет.

3.2.2. Пайдаланушы Зертхана паспортымен, Жұмыс орнындағы нұсқамамен және жабдықтардың СОП-ымен реттелетін қажетті жабдыққа, жұмыс үлгілері мен түрлеріне рұқсатнама алу талаптарымен танысуы керек.

3.2.3. Жұмысқа кіріспес бұрын Пайдаланушы жабдыққа рұқсатнама алу үшін барлық қажетті нұсқаулықтар мен оқытулардан өткеніне және үлгілер мен сұралған жұмыс түрлерінің QReserve онлайн жүйесіндегі жабдық парақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне көз жеткізуі керек.

3.2.4. Жұмыс орнында нұсқамадан өту Пайдаланушының брондау үшін сұратылып отырған жабдық орналасқан зертханада болу қағидаларын айқындайды және ҰПО-ның жауапты жұмыскері жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы нұсқаманы тіркеу журналына тіркеуі тиіс.

3.2.5. Жабдықта жұмыс істеуді оқыту форматы, сондай-ақ білімді тексеру және дағдыларды растау рәсімі оқытудан кейін оның ерекшелігін ескере отырып жабдықтың СОП-ында анықталады.

3.2.6. Жабдықта жұмыс істеу бойынша оқудан өтіп, білімі мен дағдылары расталғаннан кейін Пайдаланушы ҰПО-ның жауапты жұмыскерінен «Жабдықта өз бетінше жұмыс істеу» деген рұқсатнаманы алады.

3.2.7. Пайдаланушы жұмыстан тыс уақытта туындауы мүмкін болатын барлық қауіптерді түсінуі керек. Пайдаланушы және Ғылыми жобаның жетекшісі немесе Пайдаланушының тікелей жетекшісі Пайдаланушының зертханада болу қағидаларын және оны пайдалану кезеңінде ҰПО жабдығында жұмыс істеу қағидаларын сақтауына жауап береді.

3.2.8. Онлайн Qreserve жүйесінде жабдықты брондау кезінде Пайдаланушы брондау парақшасында сұралған барлық ақпаратты шынайы түрде көрсетуі керек.

3.2.9. ҰПО-ның жауапты жұмыскері Пайдаланушыдан жабдықтағы жұмыстардың үлгісі мен талап етілетін түрлері туралы қосымша ақпаратты талап етуге құқылы.

3.2.10. Егер Пайдаланушының қажетті дайындығы болмаса, жұмыс үлгілері және/немесе түрлері жабдықтың талаптарына сәйкес келмесе, ҰПО-



ның жауапты жұмыскері рұқсат бермеу себебін түсіндіре отырып, жабдықты брондауға рұқсат бермеуге құқылы.

3.2.11. Пайдаланушы ҰПО зертханасында басқа адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндірген және/немесе ҰПО жабдығына қауіп төндірген және/немесе осы Қағидалар мен рәсімдердің ережелерін бұзған жағдайларда ҰПО-ның жауапты жұмыскері Пайдаланушының зертханаға және ҰПО жабдықтарына кіруін уақытша тоқтата тұруға немесе жоюға құқылы.

3.2.12. Бір Пайдаланушы немесе ғылыми топ үшін уақыт бірлігінде жабдыққа рұқсат берудің ықтимал шектеулері жабдықтың СОП-ымен енгізіледі және реттеледі.

3.2.13. Пайдаланушы брондау кезінде көрсетілген уақытты ұстануы керек. Брондаудың күшін жоюды немесе өзгертуді Пайдаланушы көрсетілген жұмысты бастау уақытынан кемінде 1 (бір) сағат бұрын жасауы тиіс. Пайдаланушы ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің ескертуінсіз 15 минуттан артық кешіккен жағдайда, Пайдаланушының брондауын ҰПО-ның жауапты жұмыскері жояды.

3.2.14. Пайдаланушы осы Қағидалар мен рәсімдердің ережелерін жүйелі түрде бұзған кезде Пайдаланушыны зертханаға және ҰПО жабдықтарына кіргізуді ҰПО-ның жауапты жұмыскері кемінде 1 (бір) ай мерзімге шектеуі мүмкін.

3.3. Жауапкершілік

3.3.1. ҰПО зертханалары мен жабдықтары бірлесе қолданылатын ресурстарды білдіреді, мұнда ҰПО-ның жауапты жұмыскерлері мен Пайдаланушылар ҰПО зертханалары мен жабдықтарын бірлесе пайдаланады және жұмыс ортасын қауіпсіз және өнімді күйде ұстайды.

3.3.2. Үшінші тұлғалардың ҰПО жабдықтарын ауыстыруын жүзеге асыруға тыйым салынады. ҰПО жабдығының орнын ауыстыруды тек ҰПО-ның жауапты жұмыскері жүзеге асыра алады.

3.3.3. ҰПО-ның жауапты жұмыскерлері ҰПО зертханасында зерттеу және зертханалық ортаны қамтамасыз етуге жауапты, онда:

1) Пайдаланушылар зерттеу жұмыстарын жүргізудің өзіне тән қауіптерін ескере отырып, өз жұмыстарын барынша қауіпсіз орындай алады;

2) Пайдаланушылар ҰПО жабдықтары мен зертханаларына тең және ыңғайлы қатынауды күте алады;

3) Жабдық ең аз тоқтау уақытымен тиісті жұмыс күйінде ұсталуы тиіс;

4) НУ архивіне беру жабдық есептен шығарылғаннан кейін жүзеге асырылатын жабдықтың жанында СОП болуы қамтамасыз етіледі.

3.3.4. ҰПО-ның жауапты жұмыскері кестедегі жаңылысқа немесе алдыңғы Пайдаланушы жүргізетін талдау уақытының ұлғаюына байланысты, сондай-ақ ҰПО жабдығының ақаулығын жою жағдайда Пайдаланушының ҰПО жабдығын брондау уақытын өзгертуге немесе жоюға құқылы.

3.3.5. Пайдаланушы:

1) зертхананы және ҰПО жабдығын ұқыпты пайдалануға;



2) ҰПО жабдығын мақсаты бойынша және жабдықтың СОП-ына сәйкес пайдалануға;

3) Осы Қағидалар мен рәсімдердің ережелерін, ҚЖЕҚ жөніндегі кіріспе нұсқаманы, Жұмыс орнындағы нұсқаманы, тиісті жабдықтың СОП-ын, Зертхана паспортын білуге және сақтауға;

4) онлайн QReserve жүйесінде жабдықты брондау кезінде дұрыс ақпарат беруге;

5) жабдықтың қандай да бір проблемалары немесе дұрыс жұмыс істемеуі жағдайында, сондай-ақ оның жұмыс істеуінің дұрыстығына кез келген күмән туындаған жағдайда, сонымен қатар зертханадағы өзге де штаттан тыс жағдайларда ҰПО-ның жауапты жұмыскерін дереу хабардар етуге жауапты. Пайдаланушы ешбір жағдайда проблеманы өздігінен түзетуге талпынбауы керек;

6) зертханаға және ҰПО жабдықтарына Келушілерді ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің келісімінсіз жіберуге;

7) жабдыққа тиісті рұқсаты жоқ Келушілерді және/немесе басқа Пайдаланушыларды қоса алғанда, жабдықты басқаруды үшінші тұлғаларға беруге;

8) Бөгде ұйымдардың мүддесінде және/немесе коммерциялық мақсаттарда ҰПО жабдығын пайдалануға;

9) Пайдаланушының кінәлі құқыққа қарсы мінез-құлқының (іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің) және Пайдаланушының кінәлі құқыққа қарсы мінез-құлқы мен келтірілген залалдың (зиянның) арасындағы себептік байланыстың нәтижесінде туындаған ҰПО жабдығына және/немесе зертханасына залал келтіргені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4-бөлім. Босату

4.1. Қолданылмайды.

5-бөлім. Уақытша ережелер

5.1. Қолданылмайды.

6-бөлім. Қайта қарау

6.1. Осы Қағидалар мен рәсімдер бекітілгеннен кейін үш жыл ішінде жыл сайын тексеріліп, қажет болған жағдайда қайта қаралуы тиіс.

7-бөлім. Өзара байланысты құжаттар

7.1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы мен оның ұйымдары мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету регламенті.



«Назарбаев Университеті» дербес білім беру
ұйымының Ұжымдық пайдалану офисінің
зертханалары мен жабдықтарын пайдалану
қағидалары мен рәсімдеріне 1-қосымша

Рұқсат деңгейлері	Рұқсат беру деңгейлерін ұсыну өлшемшарттары					Рұқсаттың тиісті деңгейіне үміткер адамдардың санаттары
	ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің болуы	ҚЖЕҚ жөніндегі кіріспе нұсқама	Жұмыс орнындағы нұсқаулық	СОП-қа сәйкес жабдықта оқыту	Жұмыс уақытынан тыс уақытта жұмыс істеу үшін берілген рұқсатнама нысаны	
Келуші	X					Жеке тұлғалардың барлық санаттары
Зертханада ҰПО-ның жауапты жұмыскерінің қатысуымен жұмыс істеу	X	X	X			Барлық санаттағы пайдаланушылар
Зертханада өзіндік жұмыс		X	X	X	X (егер зертханаға жұмыс уақытынан тыс уақытта кіру қажет болса)	Бакалавр және одан жоғары дәрежесі бар барлық санаттағы пайдаланушылар
Оператормен жұмыс	X	X	X			Барлық санаттағы пайдаланушылар
Жабдықта өзіндік жұмыс		X	X	X	X (егер зертханаға жұмыс уақытынан тыс уақытта кіру қажет болса)	Бакалавр және одан жоғары дәрежесі бар барлық санаттағы пайдаланушылар
Рұқсат деңгейлерін беру өлшемшарттары бойынша пікірлер	Зертханада ҰПО-ның жауапты жұмыскерінсіз жұмыс істеуге тыйым салынады	ҚЖЕҚ жөніндегі кіріспе нұсқама жүргізуге жауапты НУ бөлімшесі жүргізеді	Зертхананың құрылымын және зертханаға, сонымен қатар жабдыққа рұқсат беру тәртібін айқындайды	Жұмыс түрлері мен Пайдаланушыға а қойылатын талаптарды реттей отырып, жабдыққа рұқсат беруді анықтайды және шектейді	Пайдаланушы зертханада жұмыстан тыс уақытта жұмыс істеуге байланысты барлық тәуекелдерді түсінетіндігін куәландырады	-



DIRECTUM-27926-4463592

дербес білім беру ұйымының Ұжымдық пайдалану офисінің зертханалары мен жабдықтарын пайдалану қағидалары
мен рәсімдері

«Назарбаев Университеті»
дербес білім беру ұйымының
Ұжымдық пайдалану офісінің
зертханалары мен жабдықтарын пайдалану
қағидалары мен рәсімдеріне 2-қосымша

ЖҰМЫСТАН ТЫС УАҚЫТТА ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ РҰҚСАТНАМА

Бұл нысан Пайдаланушыны жұмыс уақытынан тыс уақытта ҰПО зертханасына кіруге рұқсат беруге негіз болып табылады.

Осы нысанға қол қоя отырып, Пайдаланушы зертханада жұмыстан тыс уақытта жұмыс істеудің ықтимал қауіптілігін түсінеді және барлық қажетті нұсқаулықтардан өткенін растайды (*ИӘ/ЖОҚ деп жазылсын немесе нұсқаманың түрі жазылсын*):

1. ҚЖЕҚ жөніндегі кіріспе нұсқаманы жүргізуге жауапты НУ бөлімшесі жүргізетін ҚЖЕҚ кіріспе нұсқамасы _____;
2. Жұмыс орнындағы нұсқама _____;
3. басқалар _____

Осы нысанға қол қоя отырып, **Пайдаланушының тікелей жетекшісі** Пайдаланушының жұмыс уақытынан тыс уақыттағы жұмысының тәуекелдерін, жауапкершілігін және салдарын түсінеді.

Пайдаланушының Т.А.Ә. _____

Ұялы телефон номері _____

E-mail: _____

Ғылыми жетекшісінің Т.А.Ә.: _____

Лауазымы (*қанатша қойылсын*):

Магистрант _____; PhD студент _____; Постдокторант _____;

ОПҚ мүшесі _____; Ғылыми ассистент (РА) _____;

Ғылыми қызметкер _____; Басқа _____.

ҰПО зертханасының нөмірі мен атауы:	
Рұқсат беру кезеңі <i>ҰПО Жауапты қызметкері толтырады</i>	
Пайдаланушы (Т.А.Ә.):	Қолы / күні
Ғылыми жоба жетекшісі / тікелей басшысы (Т.А.Ә.):	Қолы / күні
ҰПО-ның жауапты жұмыскері (Т.А.Ә.):	Қолы / күні

